

**Ғылыми
коммуникация
дағдылары**
Ғылым туралы әңгімелесу

Мазмұны

- 3 Пайда болу тарихы
- 4 Бұл қандай ресурс және кімге арналған?
- 4 Әдістемелік құралды пайдалану жөніндегі нұсқаулық
- 5 1 тарау: Әңгімелеу
- 9 2 тарау: Әзіл
- 13 3 тарау: Дене тілі
- 17 4 тарау: Аудиторияны еліктіру
- 21 5 тарау: Тілдік әдістер
- 25 6 тарау: Шығармашылық
- 29 Әдебиеттер тізімі
- 29 Келесі

Пайда болу тарихы

Ғылыми коммуникация - бұл жылдам дамып келе жатқан коммуникация аймағы. Соңғы онжылдықта әлемде әлеуметтік желілер мен цифрлық байланыстың басқа түрлерін қолданудың күрт өсуі байқалды. Бұл барлық ғылыми контентке қол жеткізуді бұрынғыдан да жеңілдетті. Алайда, бұл өсу жалған ақпарат пен жаңалықтардың пайда болуымен қатар жүреді, олар көбінесе ондаған жылдарға, тіпті ғасырларға созылған дәлелдерге күмән келтіруге арналған. Ғылыммен айналысатындардың дәлелдерге негізделген ғылыммен әлеммен бөлісудің мұндай қажеттілігі бұрын-соңды болмаған.

Соңғы бірнеше жылды мектептен тыс биохимиялық зерттеулермен айналумен өткізгеннен кейін, мен ғылыми коммуникацияға үлкен қызығушылық таныта бастадым. Бұл маған педагогикалық және зерттеу тәжірибемді біріктіріп, күрделі мәселелер бойынша ғылыми емес аудиторияны тартуда өзімді сынауға мүмкіндік берді. Мен білім беру саласына қайта оралуға дайындалу барысында, бұл тәжірибені орта мектептің мұғалімі ретіндегі қызметіме енгізгім келді. Орта мектептерде ғылыми коммуникацияны орнатуға деген ұмтылыс және British Council қолдауы мен тәжірибесі өзгертіліп және дамытылып, осы әдістемелік құралға айналады.

Кейбір оқушылар ғылымды өмірмен ешқандай байланысы жоқ мектеп пәні ретінде қарастыруы мүмкін, бұл олардың ғылыми пәндерге қызығушылық танытпауына әкелуіне ықтимал. Осы әдістемелік құралмен біз бұл жағдайды өзгерткіміз келеді және келесіге үміттенеміз:

- 1) Өтпелі жыл оқушыларын ғылыми коммуникация ұғымымен таныстыру
- 2) Оқушыларға тиімді ғылыми коммуникацияның негізгі дағдыларын дамытатын құралдар мен сенімділік беру
- 3) Оқушыларға ғылыми коммуникация саласының әртүрлілігін көрсету
- 4) Белсенділікті арттыруға көмектесу және ғылыми коммуникацияға құмарлықты ояту

Менің ойымша, бұл мақсаттарға жету оқушыларға ғылыммен өзара әрекеттесуге көмектесетін дағдылар жиынтығын береді және олардың көбі ғылым мен оның әр түрлі пәндері біздің өміріміздің бір бөлігі екеніне көз жеткізеді.

Оуэн Мерфи Beyond The Lab SciCom компаниясынан

Бұл қандай әдістемелік құрал және кімге арналған?

Бұл алты тараудан тұратын құрал оқушыларға ғылымның тарихын әңгімелеуге мүмкіндік беретін коммуникативті дағдыларды дамытуға көмектесу үшін құралған.

Әдістемелік құрал мұғалімге де, оқушыларға да арналған. Оқушыларға өз бетінше, сонымен қатар мұғаліммен бірлесе жұмыс жасауға мүмкіндік беретін жаттығулар даярланды.

Әдістемелік құралды пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Әдістемелік құралдан толық ақпаратты алу үшін мүмкіндігінше барлық алты тарауды аяқтауды ұсынамыз. Дегенмен, бұл икемді құрал және біз мұғалімдерді топтың көлеміне, жеткізу форматына немесе бөлінген сағаттарға байланысты **өзіне сәйкес келетін тәсілді таңдауға** шақырамыз.

Коммуникация бойынша нұсқаулық пен әдебиенттер тізімі кіріспе жаттығуларды қамтиды. Олардың барлығын қарау немесе кейбірін таңдау өзіңізге байланысты; сіз оқушылардың басым қабілеттеріне байланысты белгілі бір қызмет түрін (аудиовизуалды немесе кинестетикалық) таңдауға, әлде, тарауға сәйкес келеді деп санайтын өзіңіздің жеке жаттығуларыңызды ойлап табуға еріктісіз.

Екі бөлімдегі әр тарауды қарап шығуға кеңес береміз. Бірінші бөлім оқушыларды тараудың тақырыбымен және оларды сабақты бастауға арналған және арнайы жаттығулармен таныстыруды қарастырады (А бөлімін қараңыз). Екінші бөлімде оқушылар осы бөлімнен алған білімдерін түсіну үшін Қалыптастырушы бағалаудан өтеді (В бөлімін қараңыз). Бұл тапсырмаларды А бөлімінің соңында оқушыларға беру керек.

Егер сіздің оқушыларыңыз алты тарауды да аяқтап, тағы бір ғылыми коммуникация бойынша тапсырманы орындағысы келсе, FameLab стиліндегі үш минуттық баяндама дайындап, сөз сөйлеуіне болады!

А тарауы

1. Оқушылар мен мұғалімдер тараудың сипаттамасын оқып, оқу мақсаттарын талқылайды.
2. Мұғалім тараудың тақырыбымен өздері қалаған кіріспе жаттығулар арқылы таныстырады.
3. Оқушылар тарауда көрсетілген барлық жаттығуларды немесе олардың кейбірін орындайды. ([Барлық бейнелер FameLab Ireland YouTube каналында қол жетімді](#)).
4. Қосымша: мұғалімдер осы әдістемелік құралға қосымша коммуникациялық жаттығулардың ресурстық парағында сипатталғандай коммуникациялық жаттығуларды жүзеге асырады.

В тарауы

5. Оқушылар осы оқу кезеңінде қалыптастырушы бағалаудан өтеді.
6. Қалыптастырушы бағалау оқушының зерттеу тапсырмасы бойынша нәтижелерін шолудан басталуы керек.
7. Содан кейін топтың алдында қысқаша презентация бермес бұрын олардың қызметі туралы есеп беріледі (көрініс).

1.

Әңгімелеу

Кіріспе

Әңгімелеу - адамның әмбебап ерекшелігі. Бұл бізге қоршаған әлемді бейнелеуге мүмкіндік беріп, әр түрлі жағдайларға дайындық кезінде шығармашылық тәжірибесін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін когнитивті ойын әдісі. Мидың сканерлеуінен алынған дәлелдер әңгімелерді оқу және тыңдау бас ми қабығының әлеуметтік және эмоционалды өңдеуіне қатысатын бөліктерін іске қосатынын көрсетеді, сондықтан адамдар көркем әдебиетті көп оқыған сайын, олар басқаларға мейірімдірек бола бастайды.

Ең көне әңгімелердің бірі – Гильгамеш туралы дастан. Әңгіме 4000 жыл бұрын жазылған және ол көптеген тақырыптарды көтереді, бірақ көп әйгілі әңгімелерге ортақ бір тақырып – білім іздеу үшін сапарға немесе ізденіске түсуге тиіс қаһарман туралы. Бұл ежелгі әңгімелерден 30 000 жыл бұрын Шове және Ласкода жануарлардың үңгір суреттері табылған.

Әңгімелеу адам эволюциясының негізгі бөлігі болған, өйткені халық санының өсуі біздің үлкен қауымдастықтарда өмір сүруге мәжбүр болғанымызды білдіреді. Бұл үлкен популяциялардың табысы ынтымақтастықты арттыруды талап етті. Бізбен бірге дамыған оқиғалар дұрыс болып саналатын әлеуметтік нормаларға сәйкес келеді. Осы күнге дейін әлемнің қай жеріне барсаңыз да,

Мақсаттар:

- Оқушылардың әңгімелесудің адам эволюциясындағы рөлі туралы түсінігін қалыптастырады
- Оқушылар әңгімелесудің коммуникациядағы маңыздылығын түсінеді.
- Оқушылар әңгімелесуді барлық түрдегі хабарламаларды жеткізуде қолдануға болатынын бағалайды.



Оқыту және оқу тәсілі(кіріспе жаттығулар)



Көрнекілік

- Оқушылар балаларға арналған әңгімелердегі суреттерге қарап, әңгімелеудегі суреттің маңызын көрсетеді
- Оқушылар жаңа және ескі әңгімелерде кездесетін «қаһарман мен жауыз» сияқты кейбір жалпы тақырыптарды көрсететін анимациялық әңгімелерден таңдалған үзінділерді көреді.



Аудио

- Оқушылар әңгімелеуде қолданылатын тілге назар аударатын отырып танымал ертегілердің аудиожазбаларын тыңдайды
- Оқушылар мәтіні әңгімелеуді көрсететін таңдаулы әндерді тыңдайды



Оқу және жазу

- Оқушылар әңгімелердің әр түрлі формаларынан қысқаша үзінділер оқиды: ертегілер, көркем және деректі әдебиет
- Оқушылар әр түрлі санаттарға жататын әр түрлі әңгімелердің бастамасын жазады



Кинестетикалық

- Оқушылар үнсіз фильмдерден таңдалған үзінділерді көріп, актерлердің әрекетін бақылайды
- Оқушылар әңгімелеуде әр түрлі дене қимылдарын қалай қолдануға болатынын сипаттайды



Бейнелер



Тапсырмалар

- 1:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар *Әңгімелеу* туралы бейнежазбаларды қарайды **Тапсырма:** Оқушылар *әңгімелеу* терминін қалай түсінетіндігін талқылайды.
- 2:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар үздік тәжірибе ретінде көрсетілген FameLab түлектері болып табылатын үш сөйлеушінің толық баяндамасын көреді **Тапсырма:** Оқушылар бейнежазбаларды талқылап, бейнебаянда әңгімелеу әдіс ретінде қай жерде қолданылғанын анықтауға тырысады.
- 3:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар Имэр Магуайрдың FameLab сұхбатын және оның сұрақ-жауап бөлімін қарайды. Содан кейін олар сұхбат барысында оның әңгімелеуді қалай қолданатынын талқылайды.
- 4:** **Коммуникация***
 - «Иә» және «жоқ» ойыны
 - Бір минут ішінде сөйлеу

*Жаттығулардың толық сипаттамасын оқу үшін Коммуникациялық жаттығулардың ресурстық парағын қараңыз



Қалыптастырушы бағалау

Зерттеу

Оқушылар адамзат тарихындағы ең көне әңгімелер туралы зерттеулер жүргізеді. Содан кейін олар 3-5 ежелгі әңгімелердің тізімін жасайды және осы әңгімелердегі жалпы тақырыптарды сипаттайтын қысқаша үзінді жазады.

Жаттығу

Оқушылар ғылыми тақырыпты немесе жаңалықты таңдап, таңдалған ақпаратты жеткізу үшін әңгімелеу әдісін қолдану арқылы шағын эссе жазады.

Көрініс

Оқушылар жазған эссесін өз тобының/сыныбының арасында 1 минуттық қысқа әңгімеге түрлендіреді. Презентация өз хабарын жеткізу құралы ретінде әңгімелеуді қолдану арқылы құрылымдалуы керек.

Қорытынды

Адамдар топ болып өмір сүрген бастаған сәттен әңгімелеу біздің мәдениетіміздің бөлігі болып келеді. Әдістемелік құралдың бұл бөлімінде біз әңгімелеуді ғылыми хабарды жеткізу әдісі ретінде қолдануды талқыладық.

Біреуге жаңа немесе күрделі идеяны түсіндіруге тырысқанда, ақпаратты әңгіме түрінде құру хабарды жеткізудің тиімді әдісі болуы мүмкін. Әңгімелеу дағдыларын қолдану мен дамыту сізге тек ғылымда ғана емес, өмірдің барлық саласында білікті коммуникатор болуға мүмкіндік береді.

FameLab мүшесі: Имэр Магуайр

Имэр Магуайр музыкалық комедияны, ғылымды және Солтүстік Ирландияның сүйкімділігін тамаша түрде үйлестіреді. Имэр – TEDx-те өнер көрсететін музыкалық комедиант, халықаралық марапаттарға ие ғылыми коммуникатор және Би-Би-Си радиосының екі дүркін Ирландтық радио марапатының иегері.

Ол 2015 жылы Ұлыбританияда FameLab-ті махаббат ғылымы жайлы баяндамасымен жеңіп алды, содан кейін 2017 жылы Халықаралық ғылым жұлдыздары марапатын жеңіп алды. Оның Имэр Магуайр: Көңілді адамдар дебюттік жеке шоуы 2019 жылғы Эдинбург «Фринж» өнер фестивалінде сатылымнан жаңа шыққан.

Имэрдің қойылымдары оның керемет музыкалық комедиясы арқылы адамның мінез-құлқының ақылға сыймайтындығын күлкілі (кейде ғылыми) көзқараспен көрсетеді.

Ортаңғы бала болудың нюанстарынан бастап, әлеуметтік ортадағы қарым-қатынастарға дайын болмау мен желіде кездесуге дейін, Имэр адам болу нәні білдіретінін зерттейді. Сахнадан тыс өмірде Имэр Би-Би-Си Олстер радиосындағы «Ғылым және тағы сол сияқты» бағдарламасының жүргізушісі, сонымен қатар элементтерге негізделген «Оп-оңай ғой, қымбаттым» подкастының бірлескен негізін қалаушысы және жүргізушісі.



2.

Әзіл

Кіріспе

Әзіл әр түрлі формада кездеседі және бір адамға күлкілі нәрсе екіншісіне күлкілі болмауы мүмкін. Бірақ таныс жағдайларға жаңа көзқараспен қарау секілді әзілдің кейбір формаларының ұқсастықтары бар. Әзіл болжалды, әдетте қарама-қайшы идеялар мен эмоциялардың арасында байланыс орнатуды қиындатады және оқырманды/аудиторияны олар бұрын соңды көрмеген нәрсемен таңғалдырады.

Көп жағдайларда, бірақ әрдайым емес, адамдар әзілге күлкімен жауап береді. Күлкі эндорфиндерді бөліп шығаруға әсер ететін жағымды эмоцияларды тудырады, күлкілі нәрсенің біздің есімізде қалуына мүмкіндігі көбірек. Күлкі тіпті әлеуметтік құбылыс ретінде сипатталуы мүмкін, адамдар басқалармен бірге болғанда 30 есе көп күлуге ықтимал. Жұқпалы күлкіні бәріміз де естігенбіз. Мұндай жағдайлар күлкімен бөлісетіндердің арасында эмпатия құруға мүмкіндік береді.

Коммуникация тұрғысынан, әзіл сізге аудиторияның назарын сақтай отырып, сезімтал немесе қиын тақырыптарға жақындауға мүмкіндік береді. Әзіл кейіпкерлердің әлсіз жақтарын, кемшіліктері мен жеке ерекшеліктерін көрсете отырып, оларды шынайы етеді. Сонымен қатар, сөйлеу кезінде әзіл әңгімеде ритм тудыруы мүмкін. Қазіргі уақытта сіз теледидардан көптеген драмаларды көре аласыз, бірақ комедиялар әлі де әлемнің көптеген бөліктерінде ең танымал бағдарлама түрі болып табылады.

Мақсаттар:

- Оқушылар әзілдің әр түрлі формалары туралы түсініктерін дамытады
- Оқушылар айналасындағы адамдарға эмпатия құруда әзілдің маңыздылығын түсінеді
- Оқушылар әңгімелеуде әзілді құрылымдық құрал ретінде қолдану қабілетін дамытады



Оқыту және оқу тәсілі(кіріспе жаттығулар)



Көрнекілік

- Оқушылар күлкілі комикстерді оқиды
- Оқушылар ескі және қазіргі заманғы мультфильмдердің таңдамасын көреді
- Оқушылар әртүрлі телехикаялар мен кинокомедиялардың көріністерін көреді



Аудио

- Оқушылар әйгілі адамдардың күлкілі әңгіме айтып жатқан таңдамалы бейнебаяндарын тыңдайды
- Оқушылар күлкінің әр түрі кездесетін жазбаларды тыңдайды



Оқу және жазу

- Оқушылар әртүрлі комедиялық шығармалардың таңдамалы мысалдарын оқиды
- Оқушылар әзіл элементі бар шағын әңгіме жазуға тырысады



Кинестетикалық

- Оқушылар пантомима актерлерінің таңдалған бейнебаяндарын көреді
- Оқушылар бет және дене қимылдарының әзілді қалай көрсете алатыны талқылайды



Бейнелер



Тапсырмалар

- 1:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар *Әзіл* туралы бейнежазбаларды қарайды
Тапсырма: Оқушылар сөйлеушілер баяндамаларына әзілді қалай қосқандығы туралы түсінігі қандай екендігін талқылайды.
- 2:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар *Әзіл* бейнежазбасындағы FameLab түлектері болып табылатын үш сөйлеушінің толық баяндамасын қарайды
Тапсырма: Толық баяндамаларды көрген соң оқушылар әр бейнебаяндағы әзілдің қолданысын талқылап, оның баяндаманы қалай жақсартқаны туралы ойларымен бөліседі.
- 3:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар Шерон Омиволдың FameLab сұрақ-жауап бөлімін қарайды.
- 4:** **Коммуникация***
 - Тыңдау және сөйлеу
 - Сөздік – Иландыру күші

*Жаттығулардың толық сипаттамасын оқу үшін Коммуникациялық жаттығулардың ресурстық парағын қараңыз



Қалыптастырушы бағалау

Зерттеу

Оқушылар күлкілі және ерекше ғылыми әңгімелерді зерттейді. 3-5 күлкілі, ерекше және қызықты ғылыми оқиғалардың тізімін жасайды.

Жаттығу

Оқушылар *Зерттеуді* бағалау тапсырмасында орындаған әңгімелерді неге күлкілі деп санайтындығы туралы қысқаша түсініктеме жазады. Бұл шағын топта әзілдің қолданыстағы түрлерін көрсетудің тамаша мүмкіндігі болып табылады.

Көрініс

Оқушылар *Зерттеуді* бағалау тапсырмасында кездестірген әңгімелердің бірін 1 минуттық қысқа әңгімеге түрлендіреді. Мұндағы басты мақсат – олардың баяндамасында әзіл аспектісінің көрініс алуына мүмкіндік беру.

Қорытынды

Барлығымыз өмірімізде болған күлкілі оқиғаны еске түсіре аламыз. Бұл оқиға ұзақ уақыт бұрын орын алғанымен, кейде біз оны кеше ғана болғандай егжей-тегжейлі есімізге түсіре аламыз. Бір жағдайдың күлкілі нәрсемен бірге орын алғанында есімізде жақсырақ сақтау феноменін әзіл эффектісі деп атауға болады.

Ғылыми коммуникаторлар үшін әзіл күрделі идеяларды түсіндіруге көмектесетін өте мықты құрал бола алады. Алғашында әзілді ғылыми идеяны түсіндіруде қалай қолдану керектігін түсіну қиын болғанымен, бұл тәжірибе және әзілдің түрлері туралы үйрену арқылы жүзеге асырыла алады. Кейбір адамдардың бұл қабілетті дамытқаны соншалықты, олар тіпті ғылыми идеялар аясында стендап комедиялық шоуларда өнер көрсете алады!

FameLab мүшесі: Шерон Омивол

Шерон Омивол – ғылымға қызығушылығы жоғары медицина ғылымдарының студенті. Ол өзін медицинамен айналысуға дәрігер болып қызмет ететін әкесі шабыттандырған деп санайды. 2018 жылы ол Ирландияның FameLab ұлттық чемпионы болды. Ол радиода кофенің әсері, SFI Ғылым аптасы және Bright Club туралы әңгіме қозғады. Ол балаларды, әсіресе жас қыздарды, ғылымға, сондай - ақ медицинаға үйретуге ұмтылады, олардың қызығушылығын оята отырып, өскенде осындай салада қызмет етуге ынталандыруға көмектескісі келеді.



3.

Дене тілі



Кіріспе

Дене тілі – бұл өзіміздің шынайы эмоцияларымыз бен сезімдерімізді білдіру кезінде қолданатын бейсезімдік коммуникация құралы. Дене тілінің мысалдарына басты изеу, қолдың қозғалыстары, кейіп және бет қимылдары жатады.

Әңгімені тиімді түрде жеткізу үшін оның мазмұны маңызды рөлді атқарады. Алайда, хабарды жеткізуге тырысқанда, мазмұнның өзінен гөрі мазмұн қалай жеткізілетіні маңызды болуы мүмкін. Бұл жерде дене тілі шешуші рөл атқара алады. Оң және теріс дене тілін және оларды қалай қолдануға болатынын білу - коммуникацияның күшті құралы.

Мақсаттар

- Оқушылар коммуникацияда дене тілінің бар болуын анықтайды
- Оқушылар оң және теріс дене тілінің айырмашылығын түсінеді
- Оқушылар өздерінің хабарларын тиімдірек жеткізуге көмектесу үшін позитивті дене тілін қолдану қабілетін дамытады



Оқыту және оқу тәсілі (кіріспе жаттығулар)



Көрнекілік

- Оқушылар бет және дене қимылдарының қолданысына мысал келтіретін Дисней классикалық мультфильмдерін көреді
- Оқушылар дененің орналасуы мен бет қимылдары арқылы эмоцияларды бейнелейтін мультфильм суреттерін қарап шығады
- Оқушылар дене шынықтыру арқылы бақыт пен қайғыны көрсететін спорттық жарыстардан таңдалған бірқатар бейнебаяндардан үзінділерді көреді



Аудио

- Оқушылар әйгілі тарихи баяндамаларды тыңдап, бет қимылдары мен дене тілін сөздермен сәйкестендіруге тырысады.
- Оқушылар бидің әнге сәйкес қалай өзгеретінін болжауға тырысу мақсатында әр түрлі ырғақты әндерді тыңдайды



Оқу және жазу

- Оқушылар әртүрлі эмоционалды мәселелерге арналған 3 түрлі қысқа баяндама жазады және әр сценарийді дене тіліне сәйкестендіреді
- Оқушылар әр түрлі хабарламалар жазады, ал басқа оқушы бұл эмоцияны көрсетуге тырысуы керек



Кинестетикалық

- Оқушылар әр түрлі эмоцияларды дене тілінің көмегімен және сөздерді қолданбай көрсетеді. Басқа оқушылар олардың қандай эмоциялармен білдіргісі келетінін болжауға тырысуы керек.



Бейнелер



Тапсырмалар

- 1: Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар *Дене тілі* туралы бейнежазбаны қарайды
Тапсырма: Оқушылар бейнебаянда көрген дене тілінің қолданысының мысалдарын талқылайды.
- 2: Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар *Дене тілі* бейнежазбасындағы FameLab түлектері болып табылатын үш сөйлеушінің толық баяндамасын көреді
Тапсырма: Толық баяндамаларды көрген соң оқушылар әр бейнебаяндағы дене тілінің қолданысын талқылап, сөйлеушінің дене тілін ақпаратты жеткізуге көмек ретінде пайдаланған сәттерінің тізімін жасайды.
- 3: Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар FameLab мүшесі Хэйден Уилкинсонмен сұрақ-жауап бөлімін қарайды.
- 4: Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар FameLab мүшесі Джоанна Багневскамен сұрақ-жауап бөлімін және оның FameLab баяндамасын қарайды
Тапсырма: Баяндаманы көрген соң оқушылар өзінің ана тілінен басқа тілде сөз сөйлеудің қиындықтарын талқылайды.
- 5: Коммуникация***
 - Үн-түнсіз... әңгіме айтшы

* Жаттығулардың толық сипаттамасын оқу үшін Коммуникациялық жаттығулардың ресурстық парағын қараңыз



Қалыптастырушы бағалау

Зерттеу

Оқушылар FameLab YouTube сайтындағы баяндамаларды зерттейді және таңдалған баяндамадағы дене тілінің қолданылуы туралы жазбалар жазады.

Жаттығу

Оқушылар *Зерттеуді* бағалау тапсырмасында таңдаған FameLab баяндамасының қысқаша мазмұнын жазады.

Көрініс

Оқушылар таңдалған FameLab бейнебаянының 1-2 минуттық қысқаша мазмұнын ұсынады, онда негізгі идеялар жинақталады және сөйлеушінің өз хабарын жеткізуде дене тілінің қолдануы туралы айтылады.

Қорытынды

Дене тілі - бұл бәріміз күнделікті қолданатын нәрсе. Біз ойланбастан өз сезімдеріміз бен эмоцияларымызды дене және бет қимылдарымен және бейсеміздік дыбыстармен жеткіземіз. Егер біз біреудің дене тілін қолдануынсыз сөйлегенін көрсек, онда сөйлеушіге деген қызығушылығымыз тез жоғалуы мүмкін.

Ауызша сөйлеуді қолдау үшін дене тілі қалай қолданылатынын түсіну арқылы біз оны өзіміздің баяндама беру стиліміздің үлкен бөлігіне айналдыра аламыз. Егер дене тілі дұрыс қолданылса, бұл бізге аудиторияны өйтпейінше мүмкін болмайтын түсіну деңгейіне жеткізуге мүмкіндік береді.



FameLab мүшесі: Хэйден Уилкинсон

Хэйден қазіргі таңда Дублин университет колледжінің зертеу бағытындағы ғылым магистрі дәрежесін (медицина мамандығы бойынша) аяқтап, гликобиология – қант ғылымын зерттейді. Оның міндеті – Паркинсон ауруы басталған кезде біздің миымыздағы қант тізбектері неліктен өзгеретінін анықтау, проблеманы тудыруы мүмкін зиянды қанттарды табу.

Ол оқыған дүниесімен және оның күнделікті барлық адамдарға қалай әсер ететінін әлеммен бөлісу үшін ғылыми коммуникацияға қызығушылық таныта бастады. Ол ескі ақ-қара түсті деректі фильмдерді жақсы көреді және Ричард Фейнман мен Карл Саган сияқты ұлылардың ізімен жүргісі келеді. Нағыз аустралиялық бола отырып, ол Ирландияға сүйікті қызының соңынан саяхаттап келіп, ғылымды зерттеп және ғылыми коммуникация жасай отырып өзі қалаған жерге тап болды.



FameLab мүшесі: Джоанна Багневска

Доктор Джоанна Багневска - зоолог және ғылыми коммуникатор. Ол Оксфорд университетінің зоология факультетінде мінез-құлық экологиясы және табиғатты қорғау биологиясы бойынша магистр және докторлық деңгейін алды. Содан кейін ол Ноттингем Трент университетінде және Рединг университетінде дәріс оқыды.

Сонымен қатар, ол ғылыми коммуникацияға деген құштарлығын FameLab-тегі жарыстарға (мұнда ол Түлектердің халықаралық марапатына ие болды) және «Мен ғалыммын, мені бұл жерден босатындар!» сайысына сәтті қатысу, TEDxWarsaw және Soapbox Science-те өнер көрсету мен ғылыми стендап комедияны зерттеу секілді көптеген ақпараттық іс-шараларға қатысу арқылы дамытты. Джоанна қазір уақытын Лондондағы Брунел университетінің экология ғылымдарының аға оқытушысы және Оксфорд университетінің Педиатрия бөлімінің қоғаммен байланыс жөніндегі қызметкері ретіндегі екі рөлге бөледі. Бос уақытында ол штаттан тыс танымал ғылыми жазушы, жүргізуші және коммуникация бойынша жаттықтырушы.



4.



Аудиторияны еліктіру



Кіріспе

Аудиторияны еліктіру сіздің хабарламаңызды күшейтудің тиімді әдісі болуы мүмкін. Егер сіздің әңгімеңізге аудиторияны еліктіру қосылса, бұл сіздің хабарламаңызды түсінуді жоғарылатуға мүмкіндік беретін қарым-қатынастың жоғары деңгейіне әкелуі керек.

Орынды қолданылған жағдайда, бұл жақсы тәжірибе мен керемет тәжірибенің айырмашылығы болуы мүмкін. Мұның өте маңызды нәрсе болуының қажеті жоқ, сіздің әңгімеңізде/оқиғаңызда кішігірім және шағын өзара әрекеттесудің болуы аудиторияға сізбен тәжірибе бөлісіп жатқанын сездіруі мүмкін.

Мақсаттары

- Оқушылар аудиторияны еліктірудің ғылыми коммуникация құралы ретінде пайдаланудың маңызын түсінеді
- Оқушылар аудиторияны еліктірудің жалпы әдістерін үйренеді
- Оқушылар аудиторияны еліктіруді ғылыми коммуникация құралы ретінде қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылайды



Оқыту және оқу тәсілі(кіріспе жаттығулар)



Көрнекілік

- Оқушылар аудиторияны еліктіру коммуникация құралы ретінде пайдаланылатын әңгімелер/презентациялар/қойылымдардан үзінді бейнебаяндарды көреді



Аудио

- Оқушылар аудиторияны еліктіру пайдаланылған музыкалық және комедиялық қойылымдардың жазбаларын тыңдайды және орындаушының неге бұл тәсілді қолдануға шешім қабылдағанын талқылайды.



Оқу және жазу

- Оқушылар әйгілі баяндамалардың сценарийлерін оқиды және аудиторияны еліктіру әдістерін қолдану мүмкіндіктерін қарастырады
- Оқушылар неліктен аудиторияны еліктірудің жағымды да, жағымсыз да болуы мүмкіндігі турады өз ойларын жазады



Кинестетикалық

- Оқушыларға қысқа әңгімелер/әндер/қойылымдар беріледі және аудиторияны еліктіруді ынталандыратын қимылдарды қолданып көрсетеді.
- Қалған оқушылар әңгімелердің/әндердің/қойылымдардың қайсысы қимылмен сәйкес келетінін табуға тырысады



Бейнелер



Тапсырмалар

- 1:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар Аудиторияны еліктіру туралы бейнебаянды қарайды
Тапсырма: Оқушылар бейнебаянда көрген аудиторияны еліктірудің мысалдарын талқылайды.
- 2:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар Аудиторияны еліктіру бейнебаянындағы FameLab түлектері болып табылатын үш сөйлеушінің толық баяндамасын қарайды
Тапсырма: Толық тапсырмаларды көрген соң, оқушылар әр бейнебаяндағы аудиторияны еліктіруді пайдалануды талқылайды және сөйлеушілердің аудиторияны еліктіру үшін қолданған әртүрлі әдістерінің тізімін құрады.
- 3:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар FameLab мүшесі Фиона Мэлоунмен сұрақ-жауап бөлімін қарайды
- 4:** **Коммуникация***
 - Еріктілер бар ма?

* Жаттығулардың толық сипаттамасын оқу үшін Коммуникациялық жаттығулардың ресурстық парағын қараңыз



Қалыптастырушы бағалау

Зерттеу

Оқушылар ғылыми әңгімелерде, сиқыршылар шоуларында, стендап комедияда аудиторияны еліктірудің мысалдарын зерттейді.

Жаттығу

Оқушылар *Зерттеуді* бағалау тапсырмасынан тапқан аудиторияны еліктірудің әртүрлі әдістерінің тізімін жасайды.

Көрініс

Оқушылар *Жаттығуды* бағалау тапсырмасында байқаған және тізімге енгізген аудиторияны еліктірудің әртүрлі әдістерінің 1-2 минуттық қысқаша мазмұнын ұсынады. Оқушылар өздері тапқан айырмашылықтар турады пікірлерін білдіреді.

Қорытынды

Аудиторияны еліктіру меңгеруге қиын дағды болуы мүмкін және сіздің әңгімеңізге сәйкес келетін-келмейтінін мұқият қарастырған жөн. Бірақ аудиторияны еліктірудің әдістері туралы кеңірек түсінік алу сіздің әңгімеңіздің толық мүмкіндіктерін көругеді мүмкін етеді.

Жақсы ғылыми коммуникаторлар аудиториясын өз әңгімесіне еліктіруге тартудың жолдарын табады. Бұл қарым-қатынастың жоғары деңгейін тудырады және аудиторияны сіз айтып отырған нәрсенің олар үшін маңызды екеніне сендіре алады.



FameLabb мүшесі: Фиона Мэлоун

Доктор Фиона Мэлоун - Голуэй Мейо технологиялық институтында (GMIT) негізделген биомедициналық инженер және оқытушы. Ол өзінің докторлық диссертациясында ишемиялық инсультқа шалдыққан науқастың қан тамырларының 3D басып шығарылған үлгілері арқылы қан ұйығыштарының траекториялық жолдарын зерттеді. Оның жұмысы халықаралық инженерлік және медициналық журналдарда жарияланды. Докторлық диссертациясынан кейін оның ғылыми стипендиясы Boston Scientific компаниясымен Enterprise Ireland-пен инновациялық серіктестестігі аясында GMIT медициналық және инженерлік технологиялар порталы арқылы жұмыс жасауды қамтыды. Бұл жоба медициналық бұйымдарды сынауға арналған өңеш биосимуляторын құруды қамтыды.



5.

SCIENCE

Тілдік әдістер



Кіріспе

Тілдің мыңдаған жылдар бойы дамуымен қатар адамдардың көзқарасын өзгертуге иландыру үшін қолдануға болатын әдістер, дағдылар мен амалдар да жетілді.


Иландыру тілін қолдану арқылы адамдар сіз көріп отырған әлемді көре бастайды, мүмкін емес деп санайтын нәрсеге сене алады немесе тіпті қиын тұжырымдаманы түсінудің жаңа деңгейіне өтеді. Біздің көпшілігіміз бұл дағдылардың кейбірін білместен күнделікті қолданамыз. Бірақ кез келген уақытта осы дағдыларды таңдау қабілетін дамыта алатындар үшін тіл мықты құралға айналады.

Кез келген оқиғаны әңгімелегендей, ғылыми коммуникация сөйлеушінің бірдей тілдік дағдыларды қолдануына сүйенеді. Тақырып неғұрлым күрделі болса, аудиторияға сіздің хабарламаңызды түсінуге көмектесу үшін әр түрлі тілдік құрылғыларды қолдану соғұрлым қажет болады.

Жоғарыда айтылғандай, әңгімелеу тарихта адамзат тілінің негізгі бөлігі болды және біздің жетістіктерге жетуімізде үлкен рөл атқарды деп есептеледі. Осы себепті, әңгімелеу хабарды жеткізудің ең тиімді әдістерінің бірі болып саналады. Бұл сіз айтқыңыз келетін оқиғаны/хабарды қаһарман/жауыз, күрес немесе кінәні өтеу тақырыбы немесе сіздің әңгімеңізге шиеленіс құру аясында құрастыруды білдіруі мүмкін. Сіз қай әдісті таңдасаңыз да, аудиторияны эмоционалды түрде өзіңіздің тарихыңызға енуге иландыра алсаңыз, онда сіз дұрыс жолға түстіңіз.

Мақсаттар:

- Оқушылар тілді адамдарды өздерінің көзқарасы мен сенімдеріне иландыру үшін қолдануға болатынын түсінеді
- Оқушылар иланымды әңгіме айтудың негізгі құралдарын үйренеді
- Тақырыпты қолдайтын немесе оған қарсы дәлел келтіру үшін оқушылар иландыру тілін қолданады



Оқыту және оқу тәсілі (кіріспе жаттығулар)



Көрнекілік

Оқушылар әйгілі/тарихи баяндамалардың бейнебаяндарынан үзінділерді қарайды, мысалы, Джон Ф. Кеннедидің 1963 жылғы (Берлин), Мартин Лютер Кингтің 1963 жылғы (Вашингтон) және Ирландияның премьер-министрі Лое Варадкардың 2020 жылдың наурызындағы (Дублин) баяндамалары



Аудио

- Оқушылар поэзиядан және басқа да әйгілі баяндамалардан мысалдарды тыңдайды
- Оқушылар сөйлеуші қолданатын кейбір тілдік дағдыларды талқылайды және олардың дұрыс қолданылуын анықтайды



Оқу және жазу

- Оқушылар баяндамаларды оқиды және сөйлеушінің баяндамаға енгізген эмоциялар үлгісін байланыстыруға тырысады
- Оқушылар аудиторияның назарын аудару үшін эмоциялар жиынтығын енгізе отырып, таңдалған тақырып бойынша өз сөзін жазады



Кинестетикалық

- Оқушылар берілген үлгілердің ішінен баяндаманы таңдайды, содан кейін топқа ымдаудың көмегімен осы баяндамаға сәйкес келеді деп санайтын дене тілімен көрсетеді
- Қалған оқушылар баяндамашының ымдаған баяндамасын анықтауға тырысады



- 1:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар *Тілдік әдістер* бейнежазбасын қарайды **Тапсырма:** Оқушылар бейнебаянда бақылаған иландыру мен тілдік әдістердің мысалдарын талқылайды.
- 2:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар *Тілдік әдістер* бейнебаянындағы FameLab түлектері болып табылатын үш сөйлеушінің толық баяндамасын қарайды **Тапсырма:** Толық тапсырмаларды көрген соң, оқушылар әр бейнебаяндағы тілдік әдістер және иландыруды пайдалануды талқылайды. Олар спикерлердің тілдік әдістер және иландыруды қолданған сәттерінің тізімін құрады
- 3:** **Тапсырма:** Ниам Кавана өзінің баяндамасында сипаттама мен драмалық тілді қолдана отырып, эмоционалды баяндама жасайды. Оқушылар оқырманның қызығушылығын бірден ояту үшін эмоционалды және драмалық тілді қолдана отырып, шағын фантастикалық әңгіме жазады.
- 4:** **Коммуникация***
 - Салыстыру ойыны | • Маңызды сұхбат



Қалыптастырушы бағалау

Зерттеу

Оқушылар әйгілі тарихи баяндамаларда иландыру тілінің дағдыларының қолданылуын зерттейді.

Жаттығу

Оқушылар тарихтың кез келген бөлігінен 3 әйгілі баяндамалардың тізімін жасап, олардағы иландыру тілінің мысалдарын жазады.

Көрініс

Оқушылар өздері таңдаған ғылыми тақырып бойынша 1-2 минуттық иландырғыш әңгіме ұсынады.

Қорытынды

Тіл әңгіменің олар үшін маңызды екеніне аудиторияны сендіруге көмектесетін дағдылар мен әдістерге толы. Бұл әдістерді білу сізге өз хабарыңызды нақты және қысқаша түрде жеткізетін сенімді баяндама құруға көмектеседі.

Сіз бұл тілдік әдістер туралы түсінік алғаннан кейін, сіз айтып отырған әңгімеге қайсысы сәйкес келетінін шешуіңізге тура келеді. Жақсы ғылыми коммуникаторлар өз аудиториясына сәйкес әңгімелері мен презентацияларын түзетуді жолдарын үйренеді. Аудиторияның көңіл-күйін оқып, әңгіме барысында ойлана білу сіздің хабарламаңызды сәтті жеткізу үшін қажет шағын өзгерістерді тез жасауға мүмкіндік береді.

FameLab мүшесі: Ниам Кавана

Доктор Ниам Кавана - ғылыми кеңесші және марапаттарға ие коммуникатор. Ол Silicon Republic-пен (Силикон Республикасы) (Ирландияның жетекші технологиялық жаңалықтар қызметі) «Ирландиялық зерттеулердің 6 жаңа жұлдыздарының», «Ғылыми жетістіктерге жетелейтін 20 керемет әйелдің» және «STEM-де әйелдерге көмектесетін 13 әйелдің» бірі аталды.

Оның докторлық зерттеу жұмысы болашақта ғаламтордың өсуіне балама ұсыну үшін оптикалық коммуникация жүйесін жобалауға, құруға және оңтайландыруға арналған. Бүгінгі күні доктор Кавана жеке кәсіппен айналысады және әлемді өзгерту үшін жарықтың күшін пайдалану миссиясы бойынша фотоника мен кванттық технологияның жетекші әзірлеушісі M Squared Lasers-те ғылыми өнімдер бойынша кеңесші болып жұмыс істейді. M Squared Lasers қоғамдағы ғылым, климаттың өзгеруі және денсаулық сақтау саласындағы ең үлкен мәселелерді шешуде.

Доктор Кавана - әділеттілік, әртүрлілік және инклюзия нағыз жақтаушысы. Ол STEM үйінің (Ирландияның STEM-дегі ЛГБТК адамдарына арналған бірінші желісі) тең төрағасы, гендерлік теңдік бойынша бірнеше бастамаларды көтерген және жағдайы нашар жастармен жұмысы үшін марапатталған тәлімгер. Ол IEEE Photonics қоғамының үлестік және әртүрлілік жөніндегі вице-президентінің көмекшісі және 2020 Оптикалық ұйымның (OSA) елшісі.



6.



Шығармашылық



Кіріспе

Аудиторияның назары тез төмендеуде; кейбір бағалаулар бойынша алтын балықтардың назар аудару қабілеті адамдардікінен де жақсы! Мұндай жағдайға қалайша тап болдық?

Бірақ әлі де кеш емес. Бізде олардың назарын аударудың өте тиімді әдісі бар, бұл **шығармашылық коммуникация**. Шығармашыл болудың әртүрлі формасы бар, соның ішінде поэзия, ән/рэп, би, реквизиттерді пайдалану немесе тіпті трюк орындау кездеседі.

Шығармашылықтың қай түрін қолдансаңыз да, маңыздысы - бұл сіздің аудиторияңыздың назарын аударады, олардың үміттерін бұзады және оларды сіздің әңгімеңізбен еліге алатын жерге бағыттайды.

Топпен қарым-қатынас жасау кезінде кедергілерге тап болуыңыз мүмкін. Бірақ сіздің аудиторияңызды, сіз қарым-қатынас жасайтын ортаны және мәдени айырмашылықтар сияқты басқа да маңызды факторларды жақсы түсіну хабарламаңызды жеткізудің оңтайлы әдісін табуға көмектеседі.

Шығармашылық коммуникация сізге қоршаған ортаны құру үшін өз қиялыңызды пайдалануға немесе аудиторияңыздың қиялы мен назарын сіз жеткізетін хабарды барынша қабылдайтын жерге жеткізуге мүмкіндік береді. Жалғыз шектеу - сіздің қиялыңыз. Бұл тәжірибе жасауға және ойлап табуға арналған кеңістік.

Мақсаттар:

- Оқушылар шығармашылықтың тиімді коммуникациядағы рөлі туралы түсінік қалыптастырады
- Оқушылар шығармашылық коммуникация мысалдарын анықтайды
- Оқушылар коммуникациядағы шығармашылықты аудиторияға, қоршаған ортаға және талқылау тақырыбына сәйкес реттеуге болатынын бағалайды



Оқыту және оқу тәсілі(кіріспе жаттығулар)



Көрнекілік

- Оқушылар шығармашылықтың ақпаратты жеткізуде қалай қолданылатыны туралы реквизиттерді мысал ретінде қолдана отырып поэзия оқуларынан, стендап комедиядан, ауызша сөздерден, интерпретациялық биден және презентациялардан таңдалған үзінділерді көреді



Аудио

- Оқушылар шығармашылық коммуникация үлгісі ретінде рэп пен ауызша әндерді тыңдайды
- Оқушылар дәстүрлі коммуникация әдістеріне осы балама тәсілдерді қолдану хабарламалар мен ақпараттың үлкен аудиторияға жеткізуге мүмкіндік беру жолдарын талқылайды



Оқу және жазу

- Оқушылар әндердің мәтіндерін оқиды және осы ән ішіндегі хабардың коммуникациясын күшейтетін тілді анықтайды
- Оқушылар шығармашылық коммуникацияны альтернативті түрде әңгімелеу мақсатында өздерінің жеке әнін/өлеңін/ауызша сөзін жазады



Кинестетикалық

- Оқушылар тақырыпты таңдап, хабарламаны жеткізу үшін қарапайым және қысқа би қимылдарын немесе қойылымды орындауды жоспарлайды



Бейнелер



Тапсырмалар

- 1:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар *Шығармашылық* туралы бейнебаянды қарайды
Тапсырма: Оқушылар бейнебаяннан бақылаған шығармашылықтың мысалдарын талқылайды.
- 2:** **Аудиовизуалды бөлігі:** Оқушылар *Шығармашылық* бейнебаянындағы FameLab түлектері болып табылатын үш сөйлеушінің толық баяндамасын қарайды
Тапсырма: Толық тапсырмаларды көрген соң, оқушылар әр бейнебаяндағы шығармашылықты пайдалануды талқылайды.
- 3:** Оқушылар FameLab мүшесі болып табылатын Адам Мерфидің сұрақ-жауап бөлімін қарайды.
- 4:** **Коммуникация***
 - Суреттің күші

* Жаттығулардың толық сипаттамасын оқу үшін Коммуникациялық жаттығулардың ресурстық парағын қараңыз



Қалыптастырушы бағалау

Зерттеу

Оқушылар, мысалы, Айға қону секілді ғылыми жаңалықтарға негізделген т бейнелерді зерттейді.

Жаттығу

Оқушылар ғылыми жаңалықтарға негізделген тарихтағы таңғажайып 3 бейнелерді таңдап, олардың әрқайсысының ғылыми маңыздылығын түсіндіретін шағын мәтін жазады.


Көрініс

Оқушылар *Жаттығуды* бағалау тапсырмасында көрсетілген суреттердің бірінің ғылыми оқиғасын егжей-тегжейлі түсіндіретін 1-2 минуттық презентация ұсынады.

Қорытынды

Ғылыми коммуникациядағы шығармашылық сізге аудиторияның қызығушылығын оятуға ғана емес, сонымен қатар оны баяндама барысында сақтауға еркіндік береді. Бірлескен құралдардың жиынтығын қолдана отырып, сіз күрделі ғылыми түсініктерді күтпеген және бейнелеу әдістері арқылы жеткізе аласыз.

Егер сіз өз аудиторияңыздың қиялын және назарын аударма алсаңыз, бұл мүмкін емес болып көрінуі мүмкін ғылыми хабарларды жеткізуге мүмкіндік береді. Ғылыми коммуникатор ретінде сіз өзіңіздің әңгімеңіздегі шығармашылық пен ғылыми мазмұнның арасындағы тепе-теңдікті сақтауға үйренесіз. Тәжірибе арқылы сіз барлық ғылыми оқиғаларды жеткізуге болатынына көз жеткізе бастайсыз, біз тек оларды өз аудиториямызға таныстырудың дұрыс жолын табуымыз керек.



FameLab мүшесі: Адам Мерфи

Адам – ғылыми коммуникаторға айналған Дублиннен келген физик. Ешкіммен ғылым жайлы әңгімелеспеген уақытында, ол теледидардан супер қаһармандар туралы шоуларды тым көп қарайды, укулеледе ойнауға тырысады немесе балдарға арналған залда билеп жүреді. Қазіргі уақытта ол «Naked Scientists» подкастында продюсер болып жұмыс істейді.



Әдебиеттер тізімі

Бұл әдебиеттер тізімі оқушылар мен мұғалімдерге осы нұсқаулықты қолдануға көмектесу үшін мұқият таңдалған. Дереккөздер мұғалімдерге әдістемелік құралдарды толтыруға немесе оқушыларға қосымша оқуды қамтамасыз етуге көмектеседі.

• Әңгімелеу

- BBC Culture, *Our fiction addiction: Why humans need stories*
- Scientific American, *The Future of Science Storytelling*
- Britannica, *Epic of Gilgamesh*

• Әзіл

- National Geographic, *To challenge misguided beliefs about science, try satire*
- RTE Brainstorm, *Who's laughing now? The science of humour*

• Дене тілі

- Silicon Republic, *7 secrets of successful science communication*

• Тілдік әдістер

- Nature, *How can we use the 'science of stories' to produce persuasive scientific stories?*

Келесі

Бұл нұсқаулық сізге ұнады ма және ғылыми коммуникация туралы көбірек білгіңіз келе ме?

Төменде кейбір оқиғалар мен ұйымдардың тізімі берілген. Олардың барлығы сіздің ғылыми коммуникациядағы сапарыңызды жалғастыруға көмектесетін тамаша ресурстар мен ақпаратқа ие.

- **FameLab**
- **Science Week**
- **Smart Futures**
- **ReelLife Science**
- **Engineers Ireland - STEPS**
- **SciFest**
- **The SOPHia Project**
- **I'm a Scientist/Engineer Ireland**
- **Cell Explorers**
- **OurKidsCode**
- **Career Mathways**

Funded by



Inspired by



The British Council бұл Ұлыбританияның білім беру мүмкіндіктері үшін халықаралық мәдени желілік ұйымы. Біз Ирландиямен 1990 жылдан бері Ұлыбритания мен Ирландия арасындағы мәдени, ғылыми және басқа да білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту үшін ирландиялық ұйымдармен жұмыс жасаймыз. Біз нәтижесінде Ирландия мен Ұлыбритания үшін өзара тиімді арнайы бағдарламалар мен серіктестіктер пайда болатын Ирландия мен Ұлыбритания ұйымдары мен жеке тұлғаларға мәдениет, жоғары білім мен ғылым саласындағы түсініктерімен, тәжірибелерімен және білімдерімен бөлісуге мүмкіндік береміз. 1934 жылы құрылған, біз Корольдік хартиямен реттелетін британдық қайырымдылық ұйымы және Ұлыбританияның мемлекеттік органы болып табыламыз. 2020 жылы біз Ирландияда 30 жылдық мерейтойымызды Ұлыбритания мен Ирландия арасындағы мәдени қарым-қатынас пен алмасуға арналған бірқатар шаралармен атап өттік.

www.britishcouncil.ie

Twitter: @ieBritish

FameLab® - әлемдегі ең талантты ғылыми коммуникаторларды табу мен қолдау үшін халықаралық байқау. Қатысушыларға мазмұнымен, айқындылығымен және харизмасымен ерекшеленетін ғылыми презентациямен төрешілер мен көрермендерді баурап алуға үш минут беріледі. FameLab Ұлыбританиядағы Cheltenham Festivals компаниясына тиесілі және осы компаниямен құрылған. The British Council әлемнің 30-дан астам елінде жарыстар өткізуге лицензиясы бар. FameLab Ireland Ирландияның Ғылыми Қорымен қаржыландырылады және Cpl Resources Plc пен Henkel Ireland Limited қолдау көрсетеді. Оны The British Council Ирландия Radio Newstalk 106-108fm, Дублин ғылыми галереясы, Сити университеті Дублин, Ирландия ұлттық университеті, Ирландия корольдік хирургтар колледжі, Тринити колледжі (Дублин), Ирландия ұлттық университеті (Корк), Дублин Университет колледжімен және Лимерик университеті және бірнеше зерттеу орталықтарымен бірлесе отырып басқарады.

www.cheltenhamfestivals.com
www.britishcouncil.ie/famelab

Twitter: @FameLab | @FameLab_Ireland

Eoin Murphy is a biochemist, educator and science communicator. He graduated with a BSc in Biotechnology before completing an MSc in Biochemistry. Eoin is a former winner of the HEA/Irish Independent Making an Impact award, Researchfest and Famelab Ireland runner-up. Оуэн Мерфи - биохимик, педагог и ғылыми коммуникатор. Биотехнология мамандығы бойынша Бакалавр дәрежесін алғаннан соң Биохимия мамандығы бойынша магистр дәрежесіне ие болды. Оуэн HEA/Irish Independent Making an Impact, Researchfest және FameLab Ирландияның лауреаты.

Ол зерттеуге арналған әңгімелеу бойынша 2019 NUI Galway Threesis байқауына арналған семинар өткізді. Бұған дейін ол ғылыми байланыс және қоғаммен байланыс жөніндегі маман Малкольм Лавқа British Council - Scientifically Speaking семинарын жүргізуге көмектесті.

Қазіргі уақытта Оуэн Денсаулық сақтау және байланыс саласындағы сырттай магистрлік бағдарламаны аяқтап жатыр. Білімге қайта оралған ол орта мектептерді, сондай-ақ қарапайым жұртшылықта ғылыми коммуникацияның инновациялық құралдарымен таныстыру мақсатында жұмыс жасайды.

Email: beyondthelabscicom@gmail.com Instagram: @beyond_the_lab_scicom Twitter: @Beyond_The_Lab

